

Геологиялық-барлау жұмыстарын жүргізуге және пайдалы қазбалар өндіруге лицензиялар беру үшін ақының уақытша бағалықтарын бекіту туралы

Күшін жойған

Қазақстан Республикасы Министрлер Кабинетінің қаулысы 7 маусым 1994 ж. N 600. Қаулының күші жойылды - ҚР Үкіметінің 2005 жылғы 27 шілдедегі N 781 қаулысымен

Қазақстан Республикасының Жер қойнауы және минералдық шикізатты ұқсату туралы кодексі мен Қазақстан Республикасы Министрлер Кабинетінің " Республикалық жер қойнауын қорғау және минералдық-шикізат базасын ұдайы ұлғайту қорын құру туралы" 1992 жылғы 6 қазандағы N 824 қаулысына сәйкес Қазақстан Республикасының Министрлер Кабинеті қаулы етеді:

Геологиялық-барлау жұмыстарын жүргізуге және пайдалы қазбалар өндіруге лицензиялар беру үшін ақының уақытша бағалықтары бекітілсін (қоса беріліп отыр).

Қазақстан Республикасының

Премьер-министрі

Қазақстан Республикасы
Министрлер Кабинетінің
1994 жылғы 7 маусымдағы
N 600 қаулысымен

Бекітілген

Геологиялық-барлау жұмыстарын жүргізуге және
пайдалы қазбалар өндіруге лицензиялар беру үшін ақының
Уақытша бағалықтары

Жұмыс түрлері

! Есептік көрсеткіш
! деңгейіне шаққандағы
! коэффициенті

Жұмыстарды мемлекеттік тіркеу 5,24
Геологиялық зерделеу үшін заңды (жеке)
тұлғаларды аттестациялау 9
Жер қойнауын пайдалануға арналған лицензияны,
контракті (шартты) тіркеу 14,86

ЕСКЕРТУ. Кестеге өзгеріс енгізілді - ҚРҰ-нің 1996.08.09. N 987
қаулысымен.

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және
құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК